

**Астрахан ауданы әкімдігінің "Астрахан ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" 2020 жылғы 30 қарашадағы № 241 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 3 наурыздағы № 58 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 наурызда № 8374 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астарахан ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 23 қыркүйектегі № А-9/204 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 23.09.2025 № А-9/204 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 529 бабының 6 тармағына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астрахан ауданы әкімдігінің "Астрахан ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" 2020 жылғы 30 қарашадағы № 241 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8211 болып тіркелген, 2020 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының 1-қосымшасында аймақ нөмірі VI алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Астрахан ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан ауданының әкімі*

*Н.Сеилов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Қазақстан Республикасы*

*Қаржы министрлігінің Мемлекеттік*

*кірістер комитеті Ақмола облысы*

*бойынша мемлекеттік кірістер*

*департаментінің Астрахан ауданы*

*бойынша Мемлекеттік*

*М.Қарауылова*

*кірістер басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ